

**Үржар ауданы бойынша 2016 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы N 20 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 ақпанда N 4408 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 586 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 20.12.2016 № 586 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Үржар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Үржар ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Үржар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 06 тамыздағы "Үржар ауданы бойынша 2015 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 27 тамыздағы № 4118 болып тіркелген, 2015 жылғы 07 қыркүйектегі № 113-114 "Уақыт тынысы/Пульс времени" газетінде жарияланған) № 401 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Қ.Садвакасовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің м.а.*

*Ж.Байсабыров*

**Үржар ауданы бойынша 2016 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата – ананың ақы төлеу мөлшері**

Бір айда бір тәрбиеленушінің жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, теңге		Тәрбиеленушілер саны, адамдар		Бір айда бір тәрбиеленушілерге орташа шығынының құны, теңге		Бір тәрбиеленушінің ата-ананың төлем мөлшері, теңге	
Балабақшалар	Мектеп-бақша	Балабақшалар	Мектеп-бақша	Балабақшалар	Мектеп-бақша	Балабақшалар	Мектеп-бақша
30467,3	11820	395	1231	30467,3	11820	11000	7000